



ПРЕЗИДЕНТ

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРІН ҚАБЫЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевты қабылдады. Мемлекет басшысына мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру салаларын дамыту үшін қабылданып жатқан шаралар жөнінде мәлімет берілді.

Президентке биыл қыркүйек айынан бастап мектепке дейінгі білім беру мекемелеріндегі педагогтардың еңбекақысы 30 пайызға өсетіні туралы баяндалды. Жыл соңына дейін балабақшаларда 81 мың орын ашу жоспарланып отыр. Сонымен қатар халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын 98 мың бала тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі.

Оқу-ағарту министрінің айтуынша, педагогтарды аттестаттау рәсімі жетілдіріліп жатыр. Енді олардың кәсіби біліктілігі пәнді қаншалықты жақсы білетініне қарай, ал жұмысының нәтижесі білім алушылардың оқу жетістіктері негізінде бағаланады.

Ғани Бейсембаев биыл 1 қыркүйектен бастап 1-4 сынып оқушылары толықтай тегін тамақпен қамтамасыз етілетінін айтты. Сондай-ақ білім беру ұйымдарын дабыл түймелерімен, лицензиясы бар күзетпен, турнирлермен және жедел басқару орталықтарына қосылған бейнебақылау жүйелерімен жабдықтау жоспарланып отыр.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына Ауыл мектептерін дамыту тұжырымдамасы таныстырылды. Биыл техникалық және кәсіптік білім алушы студенттердің 80 пайызы тегін оқиды. Қыркүйек айынан бастап олардың шәкіртақысы 50 пайызға, ал келесі жылы 100 пайызға артады. Кәсіпорындар колледж түлектерін міндетті түрде жұмысқа орналастыру шартымен мамандарды мақсатты даярлау ісіне алғаш рет атсалысып отыр.

Кездесу соңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Оқу-ағарту министріне білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісіне ұдайы көңіл бөлуді тапсырды.

САЛТАНАТ

МЕЙІРІМ МЕН ІЗГІЛІК ЖАРШЫСЫ



Суреттерді түсірген Б.ЕСЖАНОВ

Кеше Н.Бекежанов атындағы музыкалық академиялық драма театрында Медицина қызметкерлері күніне арналған «Дәрігер – дәуір дінгеі» атты салтанатты шара өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысып, сала қызметкерлері мен ардагерлерін кәсіби мерекемен құттықтады.

Сб Айсауле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

– Денсаулығымыздың қорғаны, мейірім мен ізгіліктің жаршысы болған ақ халатты абзал жандардың еңбегін ерекше бағалаймыз. Барша медицина қызметкерлеріне Сыр халқы атынан алғыс айтып, ризашылығымызды білдіреміз.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Ұлт саулығы – әділетті Қазақстанды құру жолындағы мемлекеттік саясаттың аса маңызды бір бағыты. Мемлекет медицина қызметкерлеріне жан-жақты қолдау көрсетіп, денсаулық сақтау саласын

дамытуға баса назар аударады» деп, дәрігерлердің ел алдындағы беделі мен мәртебесі жоғары екенін айрықша атап өтті. Бүгінде халыққа сапалы медициналық қызмет көрсету үшін қажетті шаралардың барлығы жасалуда, – деді облыс әкімі.

Аймақ тұрғындарына 3 мың дәрігер, 11 мыңға жуық орта буын маман медициналық қызмет көрсетеді. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» пилоттық ұлттық жобасы аясында 2023-2024 жылдары

өңірімізде 27 денсаулық сақтау нысаны салынады. 2025 жылға дейін Арал, Қазалы, Шиелі, Жаңақорған аудандық ауруханаларын көпбейінді ауданаралық аурухана деңгейіне жеткізу жұмыстары жүргізілуде. Ел Президентінің, Үкіметтің қолдауымен Қызылорда қаласында бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы бар 300 орындық көпбейінді аурухана құрылысы басталды. Құны 36 млрд 436 млн теңге тұратын аурухана 2025 жылы ел игілігіне пайдалануға беріледі. Ана мен бала саулығын жақсарту, жас аналарға жоғары мамандандырылған медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру үшін көпбейінді облыстық аурухана жанынан 70 төсектік босану бөлімшесі ашылады. Президент тапсырмасына сәйкес, халықаралық стандарттарға сай 200 төсектік перинаталды орталық салу мәселесі пысықталып, орны анықталды.

Салтанатты шарада облыстық көпбейінді аурухананың дәрігер-хирургі Абдулла Шүленбаевқа «Қызылорда облысының құрметті азаматы» атағы берілді. Бірқатар сала мамандарына облыс әкімінің «Құрмет гармотасы» мен Алғыс хаты табысталды. Сондай ақ, бірнеше қызметкер ҚР Денсаулық сақтау министрінің «Еңбек ардагері» медалімен, «Денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталды.

Мерекелік кеш соңында қазақ эстрадасының жұлдызы Нұрболат Абдуллин, «Томирис» би ансамблі, «Туран» триосы және жергілікті өнерпаздар өннен шашу шашты. Мейірімді мейіргерлер де сахна төріне шығып, би қойылымын көрсетіп, мерекелік кешті шыралаңдыра түсті.

23 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ КҮНІ

«ЕЛГЕ ЖАНАШЫРЛЫҚ НАҚТЫ ІСТЕН КӨРІНЕДІ»

Кеше облыс әкімдігінде Мемлекеттік қызметші күніне орай салтанатты іс-шара өтті. Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев әріптестерін мерекемен құттықтап, өз ісін жетік білетін кәсіби мамандар қай кезде де құрметті екенін атап өтті.



– Таяуда ғана өткен Ұлттық құрылтайдың екінші жиынында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев мемлекеттік қызметшілердің бойында профессионализм, яғни нағыз маман атану және отаншылдық қасиет болуы керек екенін айтты. Бұл ретте әрбіріміз «Адал азамат» құндылығын бәрінен биік қоюға тиіспіз. Себебі Президент айтқандай, «Біз отаншылдығымызды және елге жанашырлығымызды нақты іспен көрсетіміз керек. Адал азамат болуға ұмтылуымыз қажет. Сонда әрқайсымыз Отанымызды өркендетуге үлес қосамыз», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Іс-шара барысында бірқатар қызметкерге «Үздік мемлекеттік қызметші» төсбелгісі, Құрмет грамотасы және Алғыс хаттар табысталып, «Үздік мемлекеттік

қызмет көрсетуші» номинациясына лайық жеңімпаз марапатталды. Айтпа кетейік, қазіргі таңда өңірде 3000-нан аса мемлекеттік қызметші аймақ дамуына елеулі үлес қосуда. Олардың тең жартысы – нәзік-жандылар. Мемлекеттік қызметтегі қыз-келіншектердің 325-і басшылық лауазымды абыроймен атқаруда.

Аймақта 29 жасқа дейінгі 300-ден аса жас мемлекеттік қызметші бар. Олардың 20-сы – Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының, 3-і – «Болашақ» бағдарламасының түлегі. Өткен жылы 9 мемлекеттік қызметші Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының грантын иеленіп, жаңа білім дағдыларын меңгеруде.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

КӘСІП ПЕН НӘСІП

Жаңақорған ауданының «Қыраш» ауылында биыл егілген алма бағындағы жеміс ағаштары қазірдің өзінде бойын тіктеп үлгерді. Қазақтың «Қарекет етсең, қара жер құр қалдырмайды» деген тәмсілі тегін айтылмаса керек-ті. Қарт Қаратаудың қойнауында жатқан мекен қашаннан да төрт түліктің бабын жасайтын құтты қоныс екенін білеміз. Жерге еңкейген егінші де мол өнім алып, табыстан тау тұрғызды. Бастауын таудан алатын «Қайнарбұлақ» жергілікті жұрттың несібесін табуына септігін тигізгі түр.

Сб Әділжан ҰМБЕТ, «Сыр бойы»

АУЫЛДАҒЫ АЛМА БАҒЫ

Елге белгілі азамат Алмас Нәлібаев қолға алған игілікті іс енді екі-үш жылдың бедерінде алғашқы өнімін беріп қалады.

– Әуелгіде «істің жағдайы қалай болар екен» деген ой болды. Тәуекелге бел буып, алма бағын өсіруді қолға алдық. Осы мақсатта Түркиядан тәжірибелі маман шақырдық. Өздеріңіз білесіздер, түрік бауырларымыз бұл жөнінен өлемде алдыңғы қатарда келеді. Сол елдің «Голден» деген сортын таңдап алдық. Бойы 2-3 метрден аспайды екен. Өнімділігі жоғары деген сипаттамасы бар. Әзірге ештеңе айта алмаймыз. Алма ағаштары жеріңіз кетеді деген ойымыз бар. Енді 2-3 жылда алғашқы өнім жиналмақ. Қалғаны сол уақытта белгілі болады, – деді Алмас ағамыз бізбен әңгімесінде.

Әлемде алма өндірісі жөнінен Аргентина, Бразилия, Қытай секілді мемлекеттер алдыңғы орындарда тұр. Елімізде Алматы, Жамбыл, Түркістан облыстарында бұл мақсаттағы арнайы шаруашылықтар жұмыс істейді. Облысымызда қазірге дейін

Жалағаш, Сырдария, Шиелі аудандарында алма бағы егіліп, жергілікті тұрғындар алғашқы өнімдерді тұтына бастады.

– Жалпы, бұл Сыр өңірі үшін тың кәсіп емес. Ілгеріде әрбір күріш шаруашылығының жанында алма бағы болатын. Өкініштісі, кейіннен олардың көбісі күтімсіз қалды. Соның салдарынан оны сырттан тасымалдауға мәжбүр болдық. Енді-енді қайтадан сол кәсіпке мойын бұра бастағанымыз қуантады, – деді Алмас ағамыз әңгімесін өрбітіп.

А.Нәлібаевтың айтуынша, алма бағына 75 мыңнан астам түп көшет егілген. Жалпы аумағы 30 гектарды құрайды. Оған тамшылатып суару әдісі қолданылады. Сол аумаққа 6 шақырымға жуық электр желісі тартылды.

Жергілікті мамандар Сыр өңірінде жеміс-жидек шаруашылығын дамытуға мол мүмкіндік бар екенін айтады. Ендігі кезекте сол бағытта нәтижелі жұмыс жасау негізгі міндеттің біріне айналып отыр.



Құрметті оқырман!

2023 жылдың екінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде

«Сыр бойы» газетіне 6 айға жазылу бағасы: жекелер үшін – 3500 теңге, мекемелер үшін – 4500 теңге.



БАСПАСӨЗ – 2023

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Жақында Астана қаласында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Германия Президенті Франк-Вальтер Штайнмайердің қатысуымен «Қазақстан – Германия» бизнес-форумы өтті.

Форумда Қызылорда облысының әкімдігі, «Медаль Групп» және «Самга Евротрайд КЗ» ЖШС арасында, Қызылорда облысының әкімдігі, «Хорн» фирмасы және «ЕвроГлас Индастриз» ЖШС арасында ұшжақты меморандумдарға қол қойылған болатын.

Аталған келіссөздердің жалғасы ретінде облысқа германиялық «Medal Group GmbH» компаниясы мен «Samga

Eurotrade» ЖШС өкілдерінің іссапары басталды.

Іссапар аясында қарастырылған жобалар қатарында Wehrhahn корпорациясының фирмалық жабдықтары мен технологиялары негізінде фиброцемент, газбетон және құрғақ құрылыс қоспаларын шығаратын «Көпфункционалды инновациялық индустриялық парк» жобасы бар. Оған қоса HORN® корпорациясының фирмалық жабдықтары мен технологияларын қолдана отырып, «Шыны ыдыстарды өндіру зауыты» жобасын іске асыру мәселелері талқыланды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ПІКІР-ПАЙЫМ

ОРТАҚ МАҚСАТҚА ҰЙЫСТЫРҒАН ҚҰРЫЛТАЙ



Күллі түркі халықтары тарихынан сыр шертетін киелі мекен Түркістанда Ұлттық құрылтайдың екінші отырысы өтті. Мемлекет басшысы, қайраткер-саясаткерлер, Парламент депутаттары, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері, азаматтық қоғам мен саяси партиялардың, жалпы зиялы қауым өкілдері бас қосқан жиында түрлі мәселелер талқыланып, келелі ой мен ұтымды пікірлер айтылды. Ұлт тағдыры мен ел ертеңіне бағытталған байыпты бастамалар талқыға түскен құрылтайдың халық үшін маңызы зор. «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» тақырыбына арналған жиынның алғашқы күні еліміздің әр аймағынан арнайы келген делегаттар ұлт келешегі үшін өзекті мәселелерді талқылады. Ал екінші күнгі негізгі жиында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жиналған қауым алдында сөз сөйлеп, ел дамуының бағыт-бағдарын айқындайтын ой-толғамдары мен ұсыныстарын ортаға салды.

– Сөз басында бірден атап өтейін, меніңше, Ұлттық құрылтай, бұл арқаны кеңге салып отыратын жиын емес. Сөн-салтанатпен өткізетін той да емес, – деді Мемлекет басшысы. – Бабаларымыз маңызды шешім қабылдағанда кезде немесе елге қатер төнген сын сағатта құрылтай шақырған. Бүгінгі құрылтайдың отырысы еліміздегі қайғылы оқиғадан кейін өтіп жатыр. Абай облысында алапат өрт шығып, азаматтарымыз қаза тапты. Тағы да қайталап айтқым келеді: біз мұндай оқиғадан сабақ алуымыз керек, нақты шешімдер қабылдауымыз қажет. Ел басына түскен қиындықтар, ең алдымен біздің береке-бірлігімізді сығанақ салады. Осындай күрделі сәттер, ең бастысы – шынайы жанашырлық және терең жауапкершілік таныту қажет екенін айқып көрсетеді.

Біз құрылтайдың алғашқы отырысын осыдан дәл бір жыл бұрын ұлт ұясы – Ұлытауда өткіздік. Көптеген маңызды істер мемлекеттігіміздің негізі қаланған қастерлі өлкеден бастау алады. Осы игі үрдіс биыл да жалғасын табады. Бүгінгі басқосу бүкіл түркі халықтары үшін киелі шаһарда өтіп жатыр. Халқымыз әдетте Түркістанда қазақтың рухани астанасы дейді. Дегенмен қаланың мән-маңызы бұдан әлдеқайда жоғары, – деді Мемлекет басшысы.

Президент өз сөзінде елді толғандыратын мәселелердің ауқымы да, бағыты да сан алуан екеніне тоқталды. Жалпы құрылтай барысында айтылған әрбір пікір ескерілетініне, барлық мәселе мұқият зерделенетініне тоқталды. Мәселен, Ұлытау төріндегі алғашқы құрылтайдан бергі өткен бір жылда елімізде конституциялық реформа жасалғанын, бұл өзгерістер мемлекеттігіміздің тұғырын бекіте түскендігін, ұзақ мерзімге арналған демократиялық бағдарымызды айқындап бергенін атап өтті, Президент

Әділетті Қазақстанды құру тек министрлер мен әкімдердің міндеті ғана емес, оған бүкіл қоғам болып жұмылу қажеттігін айтты. Ал түпкі мақсатқа жету үшін саяси-экономикалық реформа жасау жеткіліксіз. Ең бастысы, елдің әр азаматының сана-сезімі жаңғырып, өмірлік ұстанымдары мен дүниетанымы өзгеруі керек.

Мемлекет басшысы отаншылдық, адамгершілік, білімпаздық, нағыз маман болу, еңбекқорлық, үнемшілдік секілді асыл қасиеттер бәрінен жоғары болуы қажеттігіне баса көңіл аударды. Өйткені, осындай ізгі қасиеттерді бойына сіңірген жанды Адал азамат деп айтуға болады. Әділетті Қазақстанды осындай Адал азаматтар құрады.

– Отанға, отбасына адалдық – парасаттылық пен адамгершіліктің белгісі. Адал еңбек етіп, адал табыс тапқан адам жетістікке жетеді, құрметке ие болады. Ұлы Абай «Адал еңбекпен мал іздемек – арлы адамның ісі» деген. Ал арлы адам әділетсіздік жасамайды. Әр салада адалдық басты орында тұрса, әділ қоғам орнайды. Жемқорлыққа жол берілмейді, ел мүддесіне сай шешім қабылданады. Бір сөзбен айтқанда, қоғамдағы ізгіліктің бергі адалдықтан бастау алады. Ендеше, Әділетті Қазақстан және Адал азамат ұғымдары ел тірегі болатын егіз құндылық ретінде әрдайым қатар тұруы тиіс, – деді Президент.

Жиында Мемлекет басшысы идеологиялық жұмыстардың негізгі бағытын атап өтті. Осы орайда әдеби кітаптардың 90 пайызының сырттан келетінін, ұлттық мүддеге сай келетін кітаптарды көптеп басып шығарудың маңызды екендігін, смартфонның бала қолындағы кітапты алмастырмауы тиіс екенін айтты. Шындығында кейінгі ұрпақтың кітап оқуға құлық жоқ деп қол қусырып отыра бермей, олардың әдебиетке деген қызығушылығын оятуға күш салынуы тиіс. Сонымен қатар тәулік бойы жұмыс істейтін президенттік кітапхана салу ұсынысы – құпталық бастама. Кітап оқитын ұлтты дамытудағы маңызды істерге зиялы қауым өкілдері, ұстаздар, мәдениет саласының қызметкерлері, ең бастысы ата-аналар белсенді атсалысуы керек деп ойлаймын.

Президент дамыған мемлекеттің бәрі толық зерттелген төл шежіресін дәріптеуге айрықша мән беретінін айтып, Қазақстанның академиялық үлгідегі жаңа тарихын жазу туралы бастама көтергенін, осыған орай жұмыстардың атқарылып жатқанын жеткізді. Сондай-ақ Қасым-Жомарт Кемелұлы ономастика саласын тәртіпке келтіру керектігін, оның тарихи сана-сезімді жаңғыртудың маңызды идеологиялық құралы екенін нықтап айта келіп, жасанды тұлғалардың есімін түрлі нысандарға беруді доғару керек деп ескертті. Қазақ тілі туралы жасаған тұжырымы да көп көңілінен шықты. Ол күнделікті қарым-қатынастың ғана емес, нағыз ғылым мен білімнің тілі болуы тиіс, оған қоғам болып атсалысуымыз қажет.

«Ел боламын десен, бесіңді түзе» деген халықпыз. Демек, жас ұрпақтың тәрбиесін қоғам болып қолға алу, атсалысу болашағымызды жарқын етеді. Бірлік керек, бірлік бар жерде тірлік те, татулық та, жақсы нәтиже де болады.

Серік ДҮЙСЕНБАЕВ,
облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы

23 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ КҮНІ

Хакім Абай «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» десе, Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан «Ұлтқа қызмет білімнен емес, мінезден» деп осыдан бір ғасыр бұрын еліне қызмет ететін тұлғаның қандай болу керектігін бір-ауыз сөзбен түйіндеп кеткен.

Бүгінде елімізде мемлекеттік қызметшінің жағымды бейнесін қалыптастыру және мемлекет дамуына сапалы үлес қосу бағытында кешенді жұмыстар жасалуда. Халыққа қызмет ететін адамдардың адалдығы және әділдігі, өз жұмысына деген жауапкершілігі, қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуы – әрбір мемлекеттік қызметшінің міндеті. Демек адамдар арасында осы қызмет туралы дұрыс пікір, оң көзқарас, оған деген айқын сенім қалыптасуы қажет. Саладағы өзгерістер мен мемлекеттік қызметші болудың жауапкершілігі жайында біз ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі облыс бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Ерлеген Мендалиевпен әңгімелескен едік.



Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

«МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ТҰРУ ЖЕҢІЛДЕДІ»

– Ерлеген Жәрдемұлы, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында мемлекеттік басқару ісін жаңғырту туралы айтқан болатын. Бұл ретте, сапалық тұрғыдан жаңа мемлекеттік басқарушылардың қажеттілігі, мемлекеттік қызметшілерді іріктеу және жұмыстан босату жүйесін заман талабын ескере отырып қайта жасау, кадрлық резервті нығайту бағытында нақты тапсырмалар болды. Мемлекеттік қызмет істері агенттігі толыққанды стратегиялық HR институтына айналуы тиіс деген болатын. Осы ретте, Президент тапсырмаларының орындалуына, облысымыздағы мемлекеттік қызмет пен қызметшілерінің жайына тоқталсаңыз...

– Мемлекеттік қызмет саласында ауқымды жұмыстар жүріп жатқанын атап өткен жөн. Иә, мұның барлығы Президент тапсырмасы негізінде жүзеге асырылып отыр. Енді осы жұмыстарды рет-ретімен қысқаша айтып өтейін. Өңірімізде 2023 жылдың I тоқсаны бойынша мемлекеттік қызметшілердің нақты саны 3 232 болса, оның 1 490-ы – нәзікжанды. Басшы лауазымдағы әйелдер 325-ті құрайды. Сонымен бірге 342 жас мемлекеттік қызметші бар. Облыста 20 ҚР Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының, 3 «Болашақ» бағдарламасының түлегі түрлі салада жұмыс жасайды.

– Осы ретте, Мемлекет басшысының мына сөзі ойыма оралып отыр. «Әділетті Қазақстанды құру кадрлардың орнын ауыстыра беру деген сөз емес. Өз ісін жетік білетін кәсіби мамандар, отаның азаматтар қашан да бағалы. Мемлекеттік қызметшілерге қандай да бір кланның мүшесі ретінде қарауға болмайды. Әрине, олардың құрамын жаңартып отырған дұрыс. Бірақ, мұны терең ойланғын, байыппен жасау қажет» деген еді. Сіз облысқа жаңадан келіп жатырсыз. Өңірдегі мемлекеттік қызметке жүрген жастармен танысып, олармен сөйлесе алдыңыз ба? Бұл салаға қызығатын, жұмысқа тұрғысы келетіндерге қандай мүмкіндіктер бар?

– Сұрағыңызға рахмет! Сыр өңіріне келгеніме бір айдай уақыт болды. Маңғыстау өңірінде 20 жылға жуық өсі салада жұмыс істегендіктен, салыстырмалы түрде республикамыздағы ахуал ұқсас деңгейде деп бағамдай аламын. Статистикалық ақпараттарға сәйкес 2018 жылы өңірімізде мемлекеттік қызметтегі жастар 20-25% құраған болса, бүгінгі күнге 10,6%.

Бұл жағдайдың қалыптасуына кешегі 2020-2021 жылдары болған мемлекеттік қызметшілерді онтайландыру жұмыстары салқынын тигізіп кетті. Дегенмен, бұл олқылықтардың орнын толықтыру үшін «Сыр жастары» жас мемлекеттік қызметшілер клубы құрылып, білікті, білімді жастардан мамандар үйлестіріліп, квазимемлекеттік органдар мен жеке сектордағы талапты мамандарды мемлекеттік қызметке тарту, жалпы мемлекеттік қызметтің оң имиджін қалыптастыру бағытында жұмыстар жүргізілуде.

Осы жылы да жоспармыз көп, жас мемлекеттік қызметшілердің облыстық слетін ұйымдастыруды, бірнеше мәдени-көпшілік шараларды жүзеге асыруды да жоспарлаудамыз. Бұдан басқа, 2020 жылы Қорқыт ата университетімен меморандум нәтижесінде «Абырой» жас мемлекеттік қызметшілер мектебі құрылған. Қазіргі таңда таланттымен танылған 25 студентті іріктеп алып, департаментте тәжірибеден өткізіп, ҚР Президенті жанындағы басқару академиясында біліктілігін арттырудамыз. Келесі айдың бірінші онкүндігінде арнайы сертификаттар мен ұсыным хаттар береміз. Осы ретте, заманағам енген өзгерістер нәтижесінде биыл мемлекеттік грант арқылы бітірген студенттердің мемлекеттік кіші лауазымдарға конкурстық іріктеусіз тағайындала алатынын да құлағдар етіп өтейін.

– Заңнамаларға енген өзгерістерге тоқталсаңыз... Жалпы мемлекеттік қызметке орналасу үшін қандай талаптар қойылған? Қызмет көрсетудегі ерекшеліктерді де айтсаңыз...

– Осы салада бірнеше жылдан бері келе жатқандықтан, мен 2018 жылы қашықтан жұмыс істейтін артықшылығын айтып, ұсыныс бергенмін. Бұл – менің ойлап тапқаным емес, әлемдік тәжірибеде бар үрдіс кешегі пандемия уақытында тиімділігін көрсетті.

Енді биылғы маусымның 12-нен бастап қашықтан жұмыс істеудің барлық ережесі бекітіліп, мемлекеттік органдарға жіберілді. Мемлекеттік органның басшысы өзінің қарамағындағы қызметкерімен аралас қашықтан жұмыс істеу және икемді жұмыс кестесі арқылы келісім-шартқа отыра алады. Егер сіз балаңызды 8.30-да балабақшаға апаратын немесе кешке оны алып қайтатын болсаңыз соған жағдай жасалып, икемді график бекітілді. Бұл өріне, екіжақты келісім негізінде жүзеге асады. Міндетті түрде барлығы солай жұмыс істейді деген сөз емес. Тағы бір өзгеріс, біздің агенттікке бірнеше өкілеттік беріліп жатыр. Бұрын кез келген мемлекеттік орган штаттық бірлігін өздері бекітетін, яғни қанша қызметкер, орындаушы, басшы деген секілді. Өкінішке қарай, өздеріне құқық берілгендіктен, органдар ыңғайлы жағын таңдап алған. Кейінгі кезде мемлекеттік органдар орындаушыдан басшы көп болып кеткен. Болмаса бір басшыға бір орындаушы немесе бір басшыға екі орындаушы дегендей. Бұлай болмауы керек. Сондықтан осы функцияны біздің агенттікке және аумақтық департаменттерге қайтарды. Енді осы мәселені өзіміз реттейміз, оның ішінде қай мекемеге қандай лауазым, қызметші керектігін қарастырамыз. Сонымен бірге,

мемлекеттік қызметке тұру жеңілдеді. Айталық, жоғары оқу орындарын грантпен бітірген студенттерге аудандық, ауылдық деңгейдегі лауазымдар конкурстық негізсіз ұсынылмақшы. Бұл өте жақсы жеңілдік деп ойлаймын. Өйткені, біздің аумақтық департаменттің өзінде 4-5 жас жүр. Оның ішінде оқып жүргені, бітірейін деп жатқандары бар. Әрқайсысымен сөйлесіп, пікірлесіп отырамын. Қазіргі жастар жұмысын өзінің туған жерінде, ауылында бастауды жөн көреді. Мұны естіп, қуанып қалдым. Бұл жерде бір ғана талап бар, мемлекеттік грантпен оқығаны және өте жақсы бітіргені маңызды. Мемлекеттік басқару академиясын грантпен бітіргендерді жергілікті мемлекеттік органдарға конкурстық іріктеусіз тікелей тағайындау құқы берілді.

Тағы бір айтарлығы, бұрын мемлекеттік орган бір қызметкерін басқару академиясына оқуға жіберген жағдайда, міндетті түрде сол мекемеде әрі қарай жұмыс істеу керек деген талап болатын. Енді ол өзгерді. Оқуын аяқтаған қызметкер кез келген органға барып жұмыс істеуге құқы бар, бірақ мемлекеттік қызметті тастап кетуге болмайды.

Келесі бір мәселе – ротациялық төлемдерге байланысты. Бұл да тәжірибеден алынып отыр. Жалпы, ротациялық төлем дегеннің өзі не? Мемлекеттік органдардың басшылары жиі ауысып тұрады. Бұрынғыдай 15-20 жыл бір орында отыратындар жоқ. Бұл ротация бірінші басшыларға қатысты. Бірінші басшы үш жылдан артық бір орында қызмет ете алмайды. Сонымен бірге, ерікті ротация деген енгізілді. Ол бірінші басшының орынбасарлары мен бөлім басшыларына қолданылады. Осы жерде мынадай мәселе туындайды. Бірінші басшыларға бұрын пәтеріне көмек берілетін болса, одан кейінгі орынбасарларына жеңілдіктер қарастырылмаған еді. Сондықтан ерікті ротациядағы қызметшілер бұл ұсыныстардан бас тартатын. Себебіне үңілгенде берілетін компенсациялық төлемдерге келіп тірелді. Демек, басқа өңірге ауысқан қызметшінің еңбекақысының жартысынан көбі пәтеріне мен басқа да шығындарға кететін болса, оның тиімділігі қандай деген сұрақ туындайды? Сондықтан ротациялық төлем 2023-2025 жылдарға бекітіліп, арнайы қаражаты есептелді. Қазіргі таңда еңбекақы төлеудің жаңа жүйесіне көшті. Мысалы, Маңғыстау облысы бұл жүйеге 2018 жылы, басқа облыстар кейін қосылуда. Барлық жерде белгіленген тәртіпке сәйкес блоктарға бөлінеді. Айталық, А, Б, С деген секілді. Осы жерде де мемлекеттік қызметшілер тарапынан наразылық көп туындайды. «Неге мен мына топқа кірмеймін?» деген тәртізді. Осындай наразылықтардан кейін агенттік еңбекақы мәселесін өзі қарап, өзі шешетіндей функцияны алып отыр. Көп жағдайда шағым бізге келіп түседі. Енді бұл мәселені де өзіміз зерттеп, келісім береміз. Оның ішінде тек еңбекақы емес, сыйақы, қосымша төлемдер жағы да қарастырылатын болады.

– Цифрландыруға қатысты да жаңалықтар бар екен. Осы тұрғыда, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тұрасында ақпарат беріп өтсеңіз...

– Былтыр шілде айында Цифрлық даму министрлігімен бірге әзірленген Цифрландыру дамуы туралы заң қабылданды. Бұл заң арқылы азаматтарға көрсетілетін қызметтерде заңбұзушылықтардың алдын алу функциясы агенттікке берілді. Осылайша, былтырдың өзінде республика бойынша 46 мыңға жуық заңбұзушылық анықталып, қызмет алушылардың құқықтары қалпына келтірілді. Оның ішінде ең жиі кездесетіндер – қызмет көрсету мерзімін және тәртібін бузу, артық құжаттарды сұрату, қызмет көрсетуден бас тарту сынды заңбұзушылықтар жиі қайталанатын. Өңірде 2023 жылдың 5 айының қорытындысы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге қашықтан мониторинг жүргізу кезінде 20 заңбұзушылық анықталды. Оның ішінде негізсіз бас тартулар саны – 8, қызмет көрсету мерзімдерін бузу 12 факт болды. Бұдан бөлек, есепті кезеңде 12 мекемеде қоғамдық мониторинг жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдарға кемшіліктерді жою бойынша 7 ұсыныс енгізілді.

– Облыс бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы бірқатар ақпараттарды білдік. Енді агенттіккің алдағы жоспарлары туралы айтсаңыз, мемлекеттік қызметте бұқара білмейтін қандай жаңалықтар болады?

– Қазіргі таңда аумақтық департаменттер жанынан «Тәлімгерлер кеңесі», «Жас мемлекеттік қызметшілер мектебі» жұмысын ұйымдастыру және қызметін қамтамасыз ету, адам ресурстарын дамыту орталықтарын құру, агенттік алаңында «Еріктілер кеңесі» консультативтік-кеңесші органдарын құру сынды жұмыстар жасалуда. Осы жұмыстар арқылы мемлекеттік қызметшілерді жан-жақты дамытып, тәжірибелі маман қылып ғана қоймай, жеке өмірі, оның ішінде отбасы құндылықтарына да аса қатты мән беріліп жатқанын атап өткен жөн.

– Мерекеле әріптестеріңізге тілегіңізді білдірсеңіз...

– Мемлекеттік қызметшінің жұмысы Отаны мен халқына адал еңбек етуімен бағаланады. Ел сенімінен шыға білсе, одан жоғары мәртебе, одан артық бақыт жоқ деп есептеймін. «Басты міндет – елге қызмет!» деген мазмұны терең, міндеті жауапты сөзді еске сала отырып, әріптестеріміздің мемлекеттік қызметші деген абыройлы атаққа үнемі лайықты болуына тілектеспін. Аймағмызының барлық мемлекеттік қызметшілерінің жұмысына жеміс, мақсатқа жетуде күш-жігер, шешім қабылдауда парасаттылық, кәсіби еңбекте табыс тілеймін!

23 МАУСЫМ – ПОЛИЦИЯ КҮНІ



Кез келген мемлекет үшін құқық қорғау саласы тұрақтылықтың, қауіпсіздіктің кепілі саналады. Сонау Тәуелсіздік алған жылдардан бері еліміздің құқық қорғау саласы бірнеше кезеңдерді еңсеріп, реформалардың тезінен өтті. Қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін күшке айналды десек, артық айтқанымыз емес. Осыны ескере отырып, Полиция күні қарсаңында облыстық полиция департаменті кадр саясаты басқармасының бастығы Сәкен Бөрібаевпен сұхбаттасқан едік.

«ПОЛИЦЕЙЛЕРІМІЗ ЖЕМҚОРЛЫҚТАН АДА»

– Құқық қорғау саласындағы кадр мәселесі өте өзекті екені даусыз. Бұл салаға мемлекет ерекше көңіл бөлуде, яғни, мамандарға қолайлы жағдай жасаған сайын талап та күшейгені жөн. Қазір кадрлардың қандай қабілетіне баса назар аударылады?

– Құқық қорғау органдарына қызметке алыну үшін азаматтарға қандай талап қойылатыны арнайы нормада жазылған. Жасы он сегізге толған, отыз бес жасқа жеткен, өзінше жеке моральдық, іскерлік, кәсіби қасиеттері, денсаулығы мен дене бітімінің даму жағдайы, білім деңгейі жөнінен өзіне жүктелген лауазымдық міндеттерді атқаруға қабілеті, тиісті білімі бар және әскери қызмет өткерген немесе Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында әскери оқытылған, резервті даярлау жөніндегі әскери дайындықтан өткен азаматтар қабылданады. Бұған қоса заннамаға сәйкес мерзімді әскери қызметке шақырудан босатылған немесе кейінге қалдырылған Қазақстан Республикасының азаматтары ерікті негізде өздерін ұсына алады. Қатардағы және кіші басшы құрам лауазымдарына құқық қорғау органының лауазымдары санатына қойылатын біліктілік талаптарына байланысты кемінде орта білімі бар азаматтар, орта басшы құрам лауазымдарына құқық қорғау органының лауазымдары санатына қойылатын біліктілік талаптарына байланысты техникалық және кәсіптік, жоғары білімі бар азаматтары алынады. Барлық процесс «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңда көрсетілген тәртіппен жүзеге асырылады. Қазір мамандардың санынан бұрын сапасына назар аударамыз. Ішкі істер министрінің бұйрығымен өңірімде штат саны қысқартылып, қызметкерлердің айлық жалақысына 30 пайыз үстемәкі төленуде. Бұл олардың өз қызметін адал атқаруына септеседі.

Полиция жайлы жағымсыз пікір айтылып жататыны жасырын емес. Бүгінде құқық қорғаушылар жемқорлықтан өздерін қаншалықты алыс ұстап жүр ме, қандай алдын алу шаралары аласыздар?

– Баспасөз құралдарында немесе әлеуметтік желілерде полиция қызметкерлеріне қатысты сыни бағыттағы ақпараттар шығып жатса, міндетті түрде тексеру жұмыстары жүргізіледі. Егер бір қызметкер заңға қайшы әрекетке барса, жауапкершіліктен құтыла алмайды. Адалдық – басты принцип. Осылайша біз қызметкерлерге бәрін өзімізден бастауымыз тиіс екенін ұғындырамыз. Бүгінде жеке құрам арасында тәртіп пен заңдылықты қамтамасыз ету бойынша біршама жұмыстар атқарылуда. Өткен жылдан бастап барлық қала, аудандарға іссапар ұйымдастырылып, жеке құраммен, олардың ата-аналарымен және жұбайларымен кездесулер өткізілді. Кездесудің мақсаты – қызметкерлердің тұрмысындағы проблемалық мәселелер, басшылық тарапынан берілетін заңсыз тапсырмалардың алдын алу, басқа да заңсыз әрекеттерді болдырмау. Осылайша, әр қызметкердің жағдайын саралап отырамыз.

Қазір әлеуметтік желіде полицейлердің ата-аналарының басын қосқан чаттарымыз бар, онда проблемалық мәселелер ылғи талқыланып отырады. Соның арқасында быыл полиция қызметкерлеріне қатысты бірде-бір сыбайлас жемқорлық ісі тіркелген жоқ. Қылмыс жасаған болса, қызметкерлер ішкі істер органдарынан шығарылып, олардың тікелей бастықтары мен жауапты қызметкерлері қатаң тәртіптік жазаға тартылады.

Рас, жемқорлық – күн тәртібінен түспейтін мәселенің бірі. Қазір біз салдарымен емес, себебімен күресеміз, әркез талдау жасалады. Ол үшін полицияның ашықтығы қажет. Себебі

полицияның ашықтығы сыбайлас жемқорлықпен күресте негізгі қағидаттардың бірі болып отыр.

Бұған қоса былтыр қаңтардан бастап Мемлекет басшысы бекіткен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасын іске асыру үшін ішкі істер органдарының қызметкерлерін Integrity Check парасаттылығына тексеру бойынша пилоттық жоба іске қосылды. Бұл жобаның жүзеге асырылуы полиция қызметкерлері арасындағы сыбайлас жемқорлықтың төмендеуіне септігін тигізбек, яғни, қызметкерлердің адалдығын өзгерткен бұрын өзіміз тексеріп, жемқорлықтың алдын алуға тырысып отырамыз.

– Құқық қорғау саласы ілгері басқанмен, қылмыс та азаймай жатқан тәрізді көрінеді. Сонда полицейлер қылмыстың салдарымен ғана күресіп жүр ме, қандай алдын алу шаралары атқарылуда?

– Полиция қызметкерлерінің атқарылып жатқан жұмыстарының нәтижесі мен кемшіліктері жедел кеңестерде талқыланады. Оның барысында басым бағыттар айқындалады. Облыс көлемінде қылмыстың алдын алуға бағытталған профилактикалық ішаралар ылғи өткізіледі. Мұның бәрі нәтижесіз емес. Қолға алған шаралардың арқасында қылмыстың тіркелуі өткен жылмен салыстырғанда айтарлықтай төмендеп келеді. Қазір өңірдегі криминалдық ахуал тұрақты. Бұл – кешенді әрі уақытылы қабылданған шаралардың нәтижесі. Мысал ретінде айтар болсам, биыл аса ауыр қылмыстар 61,3, ұрлық 28,5, пәтер тонау 24, мал ұрлығы 53,8 пайызға төмендеді. Осы фактілерге қарап отырып, жұмыстар нәтижесіз деп айта алмаймыз.

– Еліміз үшін құқықтық мәдениеттің қалыптасуы аса маңызды. Осы тұрғыдан алғанда полицейлеріміз қоғамға үлгі бола ала ма?

– Полиция қызметкерлерінің оң имиджін қалыптастыру мен оларға халықтың сенімін арттыру бағытында атқарылған жұмыстар жөнінде интернет кеңістігінде материалдар үнемі жарияланады. Ол жерде істеген жұмыстарымыздың нәтижесін, қалай көмек алуға болатынын түсіндіреміз. Демек, біз үлгі болуға, ел сенімінен шығуға ниеттеніп отырамыз. Сенім үдесінен шыға білген қызметкерлеріміз аз емес. Қай кезде болмасын, полиция қызметкерлері антына адал, азаматтардың тыныштығын сақтап, көмекке келуге әзір. Осы қиын да қатерлі қызмет жолында өз өмірін құрбан еткен полицейлер бар. Соның бірі – небәрі 25

жасында ерлік көрсетіп, бейбіт күннің батыры атанған, полиция лейтенанты Талғат Қозыбаев. Ол ерлікпен қаза тапқан соң, Президент Жарлығымен II дәрежелі жауынгерлік «Айбын» орденімен марапатталды. Қызмет бабында ерлікпен қаза тапқан Талғат Қозыбаевтың есімі Сырдария ауданының Мәлібаев ауылындағы көшелердің біріне қойылды. Ол оқыған № 131 орта мектеп ауласында ескерткіш орнатылып, мектепке аты берілді.

Осы тұста «Қоғамдық қауіпсіздікті азаматтық қоғаммен серіктестікте қамтамасыз етудің 2024-2028 жылдарға арналған тұжырымдамасын» жеке құрамға таныстырып, басты талаптарын түсіндіруді бастап кеткенімізді айтқым келеді. Жалпы, бұл жобаның үш стратегиялық бағыты бар: азаматтардың өмірі, денсаулығы, мүлкін қорғау деңгейін арттыру, құқықбұзушылықтардың алдын алудың тиімді жүйесін құру; полицияны қауіпсіздікті қамтамасыз ететін заманауи тиімді ұйымға айналдыру. Бұл тұжырымдамада «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатына сәйкес келетін қоғамның нақты сұраныстары да ескерілген. Мәселен, полиция департаментінің басшылық құрамы үнемі азаматтарды қабылдап отырады. Алдын ала қабылдауға жазылады, келеді, басшылыққа проблемаларын ашық айтады. Ал біз оның шешу жолдарын көрсетіп, қызметкерлерге нақты тапсырма береміз. Осы арқылы мәселесі шешімін тауып, ризашылығын білдірген адамдар жетерлік.

– Кеңес дәуірінде милиция қатал кейіпке еніп, жағымсыз сипат алды. Ал қазір құқық қорғаушыларымыз қатал ма, қайырымды ма?

– Қызметтік бағыттан бөлек, қайырымды істерге де ерекше көңіл бөлінеді. Мысалы, қайырымдылық акциясы шеңберінде облыстық полиция департаментінің ардагерлер кеңесімен бірлесіп, қорғау аударылған бір күндік жалақы есебінен кадр саясаты басқармасы, қалалық полиция басқармасы мен барлық аудандық полиция бөлімінің ұжымы тұрмысы төмен, аз қамтылған отбасыларға үнемі қолдау көрсетіп, азық-түлік, басқа да тұрмысқа қажетті заттар үлестіріп тұрамыз. Қазір барлық сала ашықтық пен жариялыққа қағидатын ұстануда. «Жұртқа жақын полиция» қағидаты жергілікті полиция қызметінің жұмысына жаңа серпін берді десек, жұмсақ айтпаймыз. Қоғаммен ашық тіл табысу, азаматтардың сеніміне ие болу, атқарылған жұмыстарды ашық көрсетіп, көпшілікпен бірлесу қылмыстың алдын алу әрбір уәкшелік полиция инспекторының басты мақсатына айналғанда ғана сала жұмысы нәтижелі болатыны сөзсіз.

– Өңімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Мадияр ТӨЛЕУ, «Сыр бойы»

БРИФИНГ

АУЫЗСУ: АҚАУ НЕДЕН ШЫҚТЫ?

Қызылорда қаласына қарасты елді мекендерде ауызсу жүйесінде ақау орын алған болатын. Қазіргі таңда арнайы топ құрылып, жөндеу жұмыстарын жүргізуде. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ерлан Жоламанов хабарлады.

– Орын алған ақауды анықтай келе, насос станциясында орналасқан 3 ұңғыманың екеуі істен шыққаны белгілі болды. Осылайша таза су лайланған. Қазір «Ақсуат» ауылдық округінің тұрғындарына Маханбет және «Наурыз» елді мекендерінде орналасқан ұңғымалардан ауызсу берілуде. Бүгінде 2 авариялық топ қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізіп жатыр. Ақау шыққан ұңғыманың жалпы тереңдігі 420 метр болса, қазір оның 380 метрі тазаланды, – деді Ерлан Жоламанов.

– Су ұңғымаларында пайда болған техникалық ақауды ретке келтіру жұмыстары жалғасып жатыр. «Ақсуат» ауылдық округіндегі тұрғындарға үшінші ұңғымадан ауызсу берілді. Ал істен шыққан 2 ұңғымаға тазалық жұмыстары жүргізіліп, қайта қалпына келтірілуде, – деді «Нұра» топтық су құбыры ШЖК РМК филиалы директорының топтық су құбырлары бойынша орынбасары Ержан Әмиша.



КОНКУРСТАРДЫҢ 82 ПАЙЫЗЫ АЯҚТАЛДЫ

Осы жылдың бес айында облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасы 2763 конкурс жариялаған. Жарияланған конкурстардың 82 пайызы аяқталды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында өткен брифингте облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы Бауыржан Шөменов айтты.

– Мемлекеттік сатып алу рәсімдерін және қолданыстағы заңнама талаптарын түсіндіру бойынша басқарма қызметкерлері онлайн форматта әлеуметтік желі қолданушыларын ақпараттандырып, мұндай шаралар жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Сонымен қатар, басқарма заң нормаларын қолдану тәжірибесінен жинақтаған ақпараттарға талдау жасап, мемлекеттік сатып алу рәсімдерін оңтайландыру мақсатында саладағы уәкілетті орган – Қаржы министрлігіне өз ұсыныстарын үнемі жолдап келеді. Нақтырақ айтсақ, осы жылдың 5 айында басқарма тарапынан 13 ұсыныс жолданды, – деді басқарма басшысы.

Айта кетейік, мемлекеттік сатып алу веб-порталында жергілікті атқарушы органдарға бағынысты 1041 тапсырыс беруші тіркелген.

«СБ»-ақпарат



«ИЫҚТАҒЫ ПОГОН ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮКТЕЙДІ»

Қазір қоғамда погон тағу тек ер азаматқа ғана тән деген ұғым мүлде өзгерген. Өйткені, барлық салада әйелдер ерлермен қатар еңбек етіп келеді. Соның ішінде қылмыстық атқару жүйесінде абыройлы еңбек етіп, отбасына көңіл бөліп, көп баланың анасы атану да ерлікпен тең.

Айдар САЙЛАУОВ, «Сыр бойы»



Осы орайда Қызылорда облысы ҚАЖД-ға қарасты №68 мемлекеттік мекемесінде еңбек етіп жүрген погондағы аналар, қару асынған арулар Салтанат Темірланқызы Омарова және Әйгерім Сейілханқызы Ахметованы оқырманды таныстырғанды жөн көріп отырмай.

Салтанат 2008 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетін тәмамдаған соң, ЗК-169/4 Гартоғай елді мекеніндегі қоныс колониясының арнайы есепке алу бөліміне жұмысқа орналасады. Он бес жылдан бері ҚАЖ саласында тегеурінді еңбек етіп жүрген өз ісінің жауапты да іскер маманы.

– Менің түзеу мекемесінде қызмет атқарғаным жарым қарсы болған жоқ.

Ерте кетіп, кеш келетін қызметіме түсіністікпен қарайды. 2009 жылдан бері осы мекемеде жұмыс жасап келемін. Негізгі міндетім – мекеме қамауында отырғандарға әкелінген сәлемдемелерді жігі тексеру.

Таңғы сегізден кешкі алтыға дейін күніне кем дегенде жүзге жуық сәлем-сауқат қабылданады. Тікелмен тік тұрып, әр келген затты мұқият қараймын. Тыйым салынған заттың өтіп кетпеуін қадағалаймын.

Жұмыс барысы физикалық та, моральдік жағынан да денеге күш, санаға салмақ салады. Өйтсе де, бұл шаршаудың бәрін үйге барғанда ұмытып кетемін. Өйткені, отбасында қамқор жарым, қылықтарымен сүйсіңтер ұл-қыздарым бар. ҚАЖ

қызметкері ретінде иығымдағы погонның салмағын сезініп, өзгелерге үлгі берер тұлға болуға талпынып келемін, – дейді старшина С.Омарова.

Ал арнайы есепке алу бөлімінің есеп технигі Әйгерім Ахметова жары Берік Қазбековпен бірге осы салада 7 жылдан астам уақыттан бері қызмет атқарып келеді.

Кезінде екеуі бөлімшеде бірге жұмыс жасаған. Оларды табыстырған тергеу изоляторындағы қызмет барысы болатын. Өлепті Әйгерімнің әдемі әлемін таныған Берік өмірлік серігі болуға ұсыныс жасаған. Бүгінде үш баланың анасы атанған ол отбасы мен қызметінде үлгілі ару.

– Іс-қағаздарымен жұмыс жасау аса жауапкершілікті талап етеді. Этап



АСЫЛ ҚАЗЫНА

АДАМДЫҚ ЖОЛЫ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Студенттер сарайында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының туғанына 165 жыл толуына орай «Адам Жүсіпті «Мәшһүр» қылған адамдық жол...» атты бестомдық таңдамалы шығармалар жинағының таныстырылымы өтті.

Sp Айдар САЙЛАУОВ,
«Сыр бойы»



Тұтас бір тарихи-әдеби дәуірдің идеялық-көркемдік бейнесін жан-жақты сомдаған бабамыздың рухани дүниесі – әр қазақ үшін құнды мұра. Осыны ескерген «Сенімен Болашақ» республикалық қоғамдық бірлестігінің құрылтайшысы Нұркен Асанов ғалым кітабының жаңа форматта басылып шығуына себепкер болды. Жинақта ақынның шығармалары мәдениеттанулық зерттеулер негізінде қайта қаралып, алдыңғы басылымдарда кеткен қателіктер түзетіліп ұсынылған.

Қазір аталған жинақ еліміз бойынша 100 мектеп, 100 университет, 100 кітапхана және 100 мешітке тегін таратылып жатыр. Кездесуде мектеп, университет, колледж, кітапхана, мешіт өкілдеріне жинақ табысталды. Шараға мәслихат депутаттары, қоғам белсенділері мен мекеме басшылары, зиялы қауым өкілдері, журналистер қатысты.

Қызылорда қалалық мәслихатының төрағасы Ибадулла Құттықожаев, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Алдажар Әбілов, ардагер ұстаз, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әліма Әбдіхалықова, ҚМДБ-ның облыс бойынша өкілі, бас имам Болатбек Әбуов кітап мазмұнының мәнін ашатын баяндама жасады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы кітабының қайта түлеуі, жаңа мазмұнда жарыққа шығуы – ұлттық болмысымыздың, рухымыздың қайта оянуының бірден-бір көрінісі. Бүгінгі шарада айтылған ойлар мен ұсыныстар және қолға алынатын бастамалар баршамыздың ортақ жұмысымызды күшейтуге өз септігін тигізуге сөзсіз. «Дамудың сыры – бірлікте, табыстың сыры – тірлікте»

демекші, өрлеудің жаңа деңгейіне көтерілу үшін біз бір мақсат, бір мүдде жолында жұмыла еңбек етуіміз керек. Біздің Отанымыз – ортақ тілегіміз – бір, мақсатымыз – жалғыз. Ол – руханият шамшырағының лаулап жануы, – деді И.Құттықожаев.

Мұраны жариялау арқылы өскелең ұрпақтың бойына бабалар аманатын сіңіру мақсатымен өзектес шараларды «Сенімен болашақ» РҚБ алдағы уақытта да жалғастыра бермек.

Сөз орайы келгенде айта кетейік, бұл қоғамдық бірлестік екі жылдан бері отбасылық құндылықты сақтап қалудың жолын насихаттап келеді. Әділдік, туралық, талапшылық, жандану және әдепті өркеніет сынды бес қасиетті ұстанған бірлестіктің басты миссиясы – бала тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігін арттыру, психологиялық-педагогикалық білім мен дағдыларын арттырып, жан-жақты қолдау көрсету.

Сондай-ақ бірлестік ағартушылыққа да мән береді. Бүгінге дейін Алаш зиялыларының еңбектерін жарыққа шығарды. Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!», Ахмет Байтұрсынұлының «Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін», Маржан Жұмбабаевтың «Педагогика», Жүсіпбек Аймауытовтың «Психология» және «Тәрбиеге жетекші» кітаптарын қайта басып шығарып, оқырман қауымға жол тартты. Бірлестік «PSY-CHNOLOGY» атты әлемдік үздік зерттеулер кітабы мен Шалва Амонашвилидің «Ізгілік педагогикасын» қазақ тіліне аударған. Кітаптар халықтың игілігіне тегін таратылған.

«Сенімен Болашақ» РҚБ екі жыл ішінде ата-аналармен іс-шаралар, форумдар, симпозиумдар, семинар-тренингтер өткізген.

ХАТ ҚОРЖЫНЫ

ТҮЛЕКТЕР
ТУҒАН ЖЕРІНДЕ

Әрбір адамның кіндік қаны тамған туған топырағы бар. Сол жердің алтын бесігінде тербеліп өседі, өркен жаяды. Ол – сенің әлпештеген анаң, аялап өсірген әкең, туған-туысың, аға-әпкең, сені білім жолына жетелеген ұстаздарың, сол білімге ұмтылу жолындағы тай-құлындай төбіскен жора-жолдастарың, қызыққа толы өткен балалық шағың һәм арман бастауы.

Жалағаш ауданы Мәдениет ауылында осыдан 40 жыл бұрын І.Қабылов атындағы №32 орта мектебін бітірген түлектер кездесу өткізді.

Мұны кездесу дегеннен гөрі, кейінгі ұрпаққа өнеге болатын, тәлім мен тәрбиеге толы іс-шара деп айтуға болады.

Кездесуде мектеп директоры, аудандық мәслихат депутаты Бақыт Әбдіреова сөз сөйледі. «Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан» деп Абай атамыз айтқандай, шәкірттердің білім бәйгелерінде жеткен әр жетістігі – ұстаздардың қажырлы еңбегінің арқасы. Сол ұстаздардың құрметтеу – шәкірттердің парызы. Түлектердің ұстаздары Қуандық Ахметов, Сафура Есбосынова, Гүлданап апайлар естелік айтты.

Осы кездесу қарсаңында мектеп тарихында есімі алтын әріппен жазылған ұстаз Тәуекел Төремұратов атына түлектер мен балаларының қолдауымен кабинет ашылды. Шарада сынып



жетекшісі болған Қуандық Ахметұлы математик Тәуекел ағайдың өмірі мен қызметтік жолынан тағылымды естеліктер айтты. Орталық мешітте ұйымдастырушылар аруақтарға Құран бағыштап, ас берді.

Кездесуге келгендер түлеп ұшқан білім ордасына сый-сияпат ұсынуды да ұмытпады. Тұрмысы төмен отбасыларға жәрдем беріп, қайырымды игі іс жасады.

Лаура АХМЕТОВА,
М.Мәметова атындағы
Қызылорда педагогикалық
жоғары колледж
оқытушысы

ҚҰРБАН АЙТ ҚАРСАҢЫНДА

Асыл дінімізде Құрбан айт мерекесінің орны ерекше. Барша мұсылман қауымын бірлік пен ынтымаққа ұйыстыратын Құрбан айт мейрамы ең әуелі мешіттерде айт намазын оқудан басталады. Құранда: «Раббың үшін намаз оқы, құрбан шал» деп бұйырады («Кәусар» сүресі, 2-аят), яғни айт күні ең алғаш орындайтын амалымыз жамағатпен айт намазын оқу, мұнан соң құрбандық малымызды шын ықыласпен шалу арқылы жалғасады. Ардақты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Біздің бұл күнде алғашқы атқаратын ісіміз – намаз оқу, сосын қайтып келіп, құрбандық шалу. Кімде-кім осылай етсе, біздің сүннетімізге ергені» деп айт намазын оқумен ғана құрбандық шалу басталатынын жеткізген.


Шариғат үкіміне келсек, Ханафи мазһабы бойынша Құрбан айтта шамасы жеткен адамға құрбан шалу – уәжіп (міндет). Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «Кімде-кім мүмкіншілігі бола



тұра құрбан шалмаса, біздің намаз оқитын жерімізге жақындамасын!» деп қатаң бұйырған. Осы аталған

хадис шамасы жеткен әрбір мұсылманға сараңдық жасамай, сылтау етпей, оған құрбан шалудың міндетті амал екенін ескертуде.

«Құрбан» сөзі араб тілінде – «жақындау» деген мағынаны білдіреді. Терминдік мағынасы – Алла Тағаланың разылығына жақындау ниетімен Құрбан айт күндерінде шалынатын арнайы малдың аты. Құрбан шалудың артықшылығы мен сауапты іс екендігі жөнінде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай деген: «Адам баласы Құрбан айт күнінде (құрбан шалып) қан ағызудан да сүйікті басқа іспен Алла Тағалаға жақындаған емес. Қаны ағзылған мал қиямет күні мүйіздері, тұяқтары және жүндерімен келеді. Ағзылған қан жерге тамбай жатып, Алла Тағаланың құзырында үлкен мақамға жетеді. Сондықтан құрбандарыңды көңіл ризашылығымен шалыңдар».

ҚҰРБАН
ШАЛУ –
САУАБЫ
МОЛ
АМАЛҚҰРБАН ШАЛУ
КІМГЕ МІНДЕТ?

Құрбандық шалу – сонау Ибраһим (ғ.с.) пайғамбардан жалғасып келе жатқан ұлық ғибадат. Ибраһим (ғ.с.) пайғамбар Алла Тағалаға берген сертінде тұрып, бауыр еті баласы Исмаилды (ғ.с.) Жаратқанның жолында пидә ете алатынын білдірген. Алладан келген сынақты көтере білген Ибраһим (ғ.с.) пайғамбар сынан да сүрінбей өтті. Құрбандық шалу ғибадаты сол бір ғибадаты оқиғаның жарқын көрінісі іспетті. Сүйікті Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде Алла разылығы үшін шалынған құрбандықтың әрбір қылы үшін сауап бар екенін және бұл амал Ибраһим (ғ.с.) пайғамбардан қалған сүннет амал екенін жеткізеді. Сахабалар Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.): «Иә, Алланың Елшісі, құрбандық деген не?» деп сұрайды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Құрбандық – сендердің Ибраһим (ғ.с.) бабаларының сүннеті» деді. «Одан бізге қандай сауап бар?» деп сұрағанда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Сойылған мал жүнінің әрбір тал қылы үшін сауап аласыңдар» деп жауап берген екен.

Құрбан шалу міндет (уәжіп) болу үшін төмендегі мына шарттарға тоқталсақ: мұсылман болу; Құрбан айт уақытында жолаушы болмау; негізгі қажеттерден тыс нисап мөлшеріндегі қаржыға ие болу. Нисап мөлшері – 85 грамм алтын, яки құнына тең келетін ақша. Зекет ғибадаты сияқты құрбанның уәжіп болуы үшін нисап мөлшеріне жеткен малға бір жыл толу шарт емес. Құрбан шалған уақытта міндетті түрде ниет ету керек. Өйткені, малды ғибадат үшін соятыны сияқты, тек қана етін пайдалану үшін де союға болады. Нисап мөлшерінде артық қаражаты болмаса да, кедей мұсылман кісінің құрбан шалуына болады. Шалған құрбандығы нәпіл құрбан үкімінде болады.

Құрбан шалудың өзіне тән уақыты бар. Ол Құрбан айттың бірінші күні айт намазынан кейін басталып, айттың үшінші күні ақшамға аз уақыт қалғанға дейін жалғасады. Қандай да бір маңызды шариғи себепке байланысты Құрбан айт намазына бара алмай, айт намазын оқымаған кісі намаз оқып болатындай уақыт өткеннен кейін құрбанын шала беруіне болады. Айт намаздан бұрын шалынған мал құрбандыққа есептелмейді.

ҚҰРБАНДЫҚҚА
ЖАРАМДЫ МАЛ

Қой, ешкі, сиыр және түйе малын ғана құрбандыққа шалуға болады. Құрбан ретінде шалынатын қой және ешкі кем дегенде бір жасар, сиыр екі жасар, түйе бес жасар болуы керек. Алты-жеті айлық кепе қозы бір жасар қой сияқты семіз, етті болса, құрбандыққа шалуға жарайды. Қой мен ешкінің еркегін, сиырдың ұрғашысын шалу абзал. Елік, арқар сияқты аңдар мен тауық, қораз, қаз, уәжіп сияқты құстар құрбан ретінде сойылмайды.

«Біріңіз құрбан шалуға бола ма?» деп сұрап жатады. Біріншіден біз мынаны білгеніміз жөн. Қой немесе ешкіні тек бір адам құрбан ретінде шала алады. Ал сиыр немесе түйені, яғни, ірі қара малды бір кісінің жалғыз өзі үшін

немесе жеті кісі ортақ шалуға болады. Құрбанды ортақтасып шалған уақытта әрбір адам құрбан шалу ниетімен ортақтасуы керек. Құрбан шалуда ниет өте маңызды. Бір кісі құрбан үшін, ал екінші бір кісі тек қана етін алу ниетімен ортақтасса, шалынған мал барлық ортақтар үшін құрбан болып есептелмейді.

Не нәрсеніңде жарамды-жарамсызы болады. Сол секілді құрбандық малына кез келген мал бола береді деген ұғым жоқ. Мәселен, қадірлі қонағымыз үшін малдың ең жақсысын сойып, құрмет көрсетіп, ақ батасын алуға тырысамыз. Ал енді Құрбан айт мейрамы бұл Алланың разылығына жеткізетін ұлық ғибадат болғандықтан, малдың жарамдылығына, ең жақсысына көбірек көңіл аударған дұрыс. Мынадай кемшілігі бар малдар құрбандыққа жарамсыз болып саналады. Бір көзі соқыр, сойылатын жерге жете алмайтын дәрежеде көтерем, құлағы немесе құйрығы тұмадан жоқ немесе басым бөлігі кесілген, тістерінің көбі түсіп қалған, бір мүйізі немесе екеуі де түбінен сынған болу. Осы сынды жағдаят құрбан малының бойында болмауы керек. Қаншалықты құрбан малының ең жақсысын таңдасақ, соншалықты мол сауап пен Алланың разылығын иелене түсеріміз ақиқат.

ҚҰРБАН МАЛЫ
ҚАЛАЙ ШАЛЫНАДЫ?

Құрбан шалған уақытта міндетті түрде арнайы ниет ету керек және Құрбан айт намазы оқылғаннан кейін барып шалынады. Құрбандықты ғибадат үшін соятыны секілді, жай ғана етін күнделікті пайдалану үшін соятындыр да болады. Сол үшін құрбандыққа ниетті дұрыстап, шын ықыласпен орындау қажет. Құран Ұрылымда (шалынған малдың) еттері мен қандары Аллаға өсте ұласталады. Бірақ, Құран (Аллаға) сендердің тек тақуалықтарың ғана жетеді!» («Хаж» сүресі, 37-аят) делінген, яғни, құрбандық шалуға қозғалған мақсат пен ниеттің маңыздылығын әуелі ақыл таразысына салған жөн болады.

Құрбан шалуға ниет еткен кісі құрбандығын мүмкіншілік болса, өзі шалғаны абзал және оның сауабы да мол. Сахаба Әнас ибн Мәлик (р.ғ.): «Алла Елшісі (с.ғ.с.) құрбан шалуды өз қолымен орындайтын» деп айтқан. Құрбан ретінде шалынатын малды қинамау үшін өткір пышақ қолдану керек. Малды сою үшін жерге жатқызылғаннан кейін пышақты көз алдында жалақтағып қайрау – ұнамсыз іс (мәкрүһ). Ал қинамай сою – сүннет амал.

Құрбан ретінде шалынатын мал құбылаға қарата жатқызылып «Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар ла илаһа иллаллаһу, Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар уа лиллаһил-хамд» деп, тәкбір айтып, «Бисмиллаһи, Аллаһу әкбар» деп бауыздалады. Тек құрбанның иесінің ғана «Бисмиллаһи, Аллаһу әкбар» деуі жеткілікті емес. Құрбанды бауыздаған адам да «Бисмиллаһи, Аллаһу әкбар» деуі керек. Әлгінде айтқанымыздай, сойылатын мал құрбандық ниетімен бауыздалуы керек.

Көп сұралатын сауалдың бірі «Құрбандыққа шалынған малдың еті мен терісін сатуға болады ма?» деп

келеді. Құрбан шалған кісі бай немесе қарапайым күй кешсе де, өзінің шалған құрбандығының етін жеуіне болады. Құрбандыққа шалынған малдың етін үш бөлікке бөліп тарату – ең жақсы амал. Бір бөлігі туған-туыс, көршілеріне бай болса да сыйға тартылады, екінші бөлігі кедей және мұқтаж адамдарға, үшінші бөлігі өзінің отбасына, бала-шағасына беріледі. Десе де шалынған малға мұқтаждығы болмаса, оны басы бүтін кедей-мұқтаждарға таратып беруге болады. Сол секілді құрбандық шалған кісінің тұрмысы төмен, бала-шағасы көп болса, түгелдей құрбан етін өзінің отбасының қажетіне қалдыра алады.

Құрбандыққа шалынған малдың етін, басын, терісін, сирақтарын сату – ұнамсыз іс (мәкрүһ). Құрбан малының аталған бөлшектері сатылған жағдайда құны кедейлерге садақа ретінде беріледі. Құрбандыққа шалынған мал терісін кедейлерге, қайырымдылық қорларына беруге болады. Құрбанға шалынған малдың ешқандай бөлшегін қасаптың ақысы ретінде төлеуге болмайды.

АЙТ МЕРЕКЕСІ


Айт – арабшадан аударғанда, «мейрам» деген мағынаны білдіреді. Дініміздегі мейрамдарымыз құлшылықтан бастау алады. Асыл дінімізде екі айт мейрамы бар. Бірі рамазан айынан кейін келетін – Ораза айт мейрамы, екіншісі – қасиетті Құрбан айт мерекесі. Ардақты сахаба Әнас (р.ғ.) былай деп жеткізеді: «Алла Елшісі (с.ғ.с.) Мәдинаға келген кезінде, мәдиналықтардың тойлайтын екі күндері бар болатын. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бұл екі күнді не үшін атап өтетіндіктерін сұрады. Сонда олар: «Жәһилдік (исланман бұрынғы) дәуірде біз бұл екі күнді көңіл көтеріп, атап өтетін едік» деп жауап берді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оларға қарап: «Алла ол екі күннің орнына сендер үшін әлдеқайда қайырлысын берді. Біріншісі – Құрбан айт, екіншісі – Рамазан айтты» деп айтты.

Құрбан айт мерекесі де ісі мұсылманның отбасын шат-шадыман етіп, қоғамды қуанышқа жетелей түседі. Құрбан айт күні мұсылман баласы ерте тұрып, айт намазына дайындығын жасайды. Бойдәретін жаңартып, жаңа да таза киімдерін киіп, жұпар иіс себініп, ең алдымен мешітке барады. Имамның уағзын тыңдап, жамағатпен айт намазын оқып, мұнан соң мұсылмандар бір-бірін айт мерекесімен құттықтайды. Осыдан кейін шамасы жеткен кісілер шын ықылас-пейілімен құрбандығын шалуға әрекет етеді.

Қазақ халқының шаңырағында жеті шепкек пен бауырсақ пісіріліп, мерекелік дастархан жайылады. Құрбан етінен ас әзірленіп, қонақтар шақырылады. Жиналған ағайындар өзара игі тілектерін айтып, ел-халыққа деген ақ баталарын жаудырады. Осындай ұлық мейрамға есен-сау жеткізген Аллаға сансыз шүкіршілік айтамыз. Құрбан айт мейрамы құтты болсын! Құрбандықтарыңыз қабыл, ниеттеріңіз асыл болсын, қадірлі ағайыны!

Болатбек қажы ӘБУОВ,
облыстың бас имамы

«ТҰРАН» СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ИЕГЕРІ



Әдебиеттің бір жанры – сатираның ерекшелігі сол, күлдіре отырып, күллі кемшілігінді жайып салады. Қазақы қалжың десенде, қамшымен осып жібергендей болады. Шыны керек, кешегі кеңестік кезеңде сатираға деген елдің көзқарасы ерекше еді. Мұның бір мәнісі – мерзімді басылымдарда сын-сықақ, әзіл-оспақ, фельетон сынды шығармалар тұрақты жарияланатын. Бір жақсысы, сол айтылған сыннан дереу қорытынды шығып, кемшіліктер қалпына келтірілетін. Кейде тіпті сын садағы кадрлық мәселеге дейін жетіп, лауазым иелері лайықты жазасын алатын. Айта кетейік, бұл сарындағы жазбалар басылымдардың соңғы бетіне орналасатын, яғни, газетті соңынан бастап оқу сол кездерден дағдыға айналған десек, қателеспейміз-ау...

Фазиза ӘБИЛДА, «Сыр бойы»

Жауынгер жанрдың сардары

Сыр бойында сатира жанрында жазатын Асқар Тоқмағамбетов, Қалтай Мұхамеджанов, Сақтапберген Әлжіков сынды әйгілі қаламгерлерді білеміз. Ал бүгінде бұл жанрда Қазыбек Әшірбек, Нұрмахан Елтай, Орынбасар Әлжіков ағаларымыз қалам тартып жүр. Айта кетейік, Қазақстан Жазушылар одағының мүшелері Н.Елтай және О.Әлжіков жақында облыс әкімі тағайындаған «Тұран» сыйлығын иеленді.

Мемлекеттік қызметтің сан түрлі саласында қызмет атқарып, мәдениет, ақпарат, телевизия, тіл саясаты салаларын басқара жүріп, қолынан қаламы түспеген, ұытты әзіл-өңгімелері, қысқа қайырым, қалжың шумақтарымен оқырмандарының ықыласына кенеліп жүрген Орынбасар Әлжіков ағамызға сәлем беріп, сұхбаттасудың сәті түсті. Көзқарғандар арнайы барғасын, ағамыз ашыла түсіп, көп өңгіме айтты.

Атамыз Әлжік дәулетті адам болған. Сырдың бойына келген сыйлы қонақтар осы шаңыраққа ат басын бұрып, ұзағырақ аялдайтын болса, қона жағдайы екен. Ол кісінің өз қолымен еккен жасыл-желек бауы болған. «Әлжік бауының» әлі күнге дейін орны бар. Сырдың бойында алғашқы романын жазған Сәбит Мұқанов жаздың аптап ыстығынан қорғанып, осы бауға келіп, шығармашылықпен айналысқан екен, – дейді Орынбасар ағамыз.

Әлкіссә, кейіпкеріміздің сатира жанрына келуі кездейсоқтық емес. Кәдімгі қан-

мен дарыған қасиет. Иә, кезінде атағы дүрілдеген «Ара» журналын көп жыл басқарған, сатираға қалам тартқан талантты жастарға ұстаздық еткен, одан бөлек сол кезеңде Сыр өңірінен шыққан бірқатар жас әдебиетшілерге қамқорлық жасап, қолдау танытқан қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Сақтапберген Әлжіқұлының есімі елдің жадында.

Алғашқы еңбек жолын «Ленин жолы» газетінен (қазіргі «Сыр бойы») бастаған ол көп ұзамай шығармашылығына байланысты Алматыға ауысып, «Ара» журналына жұмысқа орналасады. Осы журналда қырық жылдай еңбек етіп, қарапайым әдеби қызметкерден бас редактор лауазымына дейін көтеріледі. Қаламгердің «Тағы да кім бар?», «Күйдіргі», «Дала қырандары», сатиралық кітаптары жарық көрген. Сондай-ақ, «Сырдария» кітапханасы сериясымен шыққан 200 томдықтың бір томына шығармалары топтастырылған. Ал 1998 жылы «Қызылжарма» ауылындағы №144 орта мектебіне Сақтапберген Әлжіков есімі беріліп, мектеп алдына ескерткіш бюсті қойылды.

Орынбасар ағамыздың әкесі Қарабала да қолына қалам ұстамағанымен, сөзі мірдің оғындай өткір адам болған екен. Оған дәлел ретінде ағамыздан естіген мына бір гана өңгімесін айтсақ жеткілікті.

– Соғысқа қатысқан, одан қанша жыл сотты болып, қуғын көрген кісі. Қартайған шағында қатты науқастанып қалды. Әл түстінде жатыр, ағамыз екеуміз күзетіп отырмыз. Арасында екі

көзі аларып, айналып кетеді. Бір уақтан соң қайтадан орнына келеді. Сондай бір кезде ағамыз қарап, «молда шақырамыз ба, неғыламыз дегенім ғой. Әкем осы сәтте есін жиып, сөзімізді естіп қалған-ау: «Молда шақырмай, енді милитса шақырайын деп едіңдер?» деп мырс етті, – дейді. Қандай рухы мықты адам десеңізші?! Қайран қалды.

Өңгімеміз қайтадан Орынбасар ағамызға қарай ойысты. Қоңыр блокнотын қолына алып, қолжазба күйіндегі жаңа туындыларын оқып беріп отыр. Арасында зілсіз қалжыңымен бізді де қағытып өтеді. Байқағанымыз, көңіл түпкірлене қатталып қалған сырларының тыңдаушысы табылғанына қуанышты сынайды. Ал өңгімелері бірінен бірі өткен қызық. Салмақты әзіл, салиқалы пайым. Қаламгер ағамыз идеологияның үлкен құралы – журналистика саласының бүгінгі ахуалын, мәдени, рухани саланың һәм әлеуметтік жағдайдың әлеуеті төмендеп кеткенін айтты. Сонымен қатар, қоғамның қазіргі қалыбына қарай жеңіл-желпі ойлайтын, сөздің парқын біле бермейтін, смартфонға таңылып селқос ұрпақтың келешегіне алаңдайтынын аңғартты. Мысалы:

– Арғы атасы Пір ұстаған, Бергі атасы ту ұстаған. Ұрпағы бүгін дүңгіршекте, Ұстап отыр бір стакан, – деп келетін шумақтардың астарында ащы шындық жатыр емес пе? Тағы бір өлеңінде: «Біздердікі хит өмір, Адамдардікі ит өмір», – деп күледі ит.

Бірдеңені біледі ит, Күлмей енді қайтсын, ол Жоқ қой онда кредит, – дейді. «Ана мен кран» деген өлеңінде жалпы әлеуметтің айтар ойы жатқан сияқты: – Көрші бала шопыр Байлықтан басы айналып отыр.

«Ақша» – оның ұраны Байғытып отырған – Жүк көтергіш машина – краны.

«Біздің қранның, Бір көтергені 10 мың – Дөп әйелі ешеді». Көршілер «ол рас» деседі. Мұны естіген менде үн жоқ. Торсықтай 10 бала көтерген, Маған дым жоқ.

антологиясы» жарыққа шыққалы жатқанын, оған Сақтапберген Әлжіковтің есімі енбей қалар деп алаңдайтынын айтыпты. Ақыры өзі араласып, ұстазының есімін енгізген.

– Арада бірнеше күн өткенде ол кісінің о дүниелік болғанын естіп, есенгіреп қалдым, – дейді Орынбасар аға. – Өзі жаны қиналып жүрсе де, ұстазына құрметінен таңған жоқ. Өкініштісі, осындай жақсы адамдардың қатары азайып бара жатыр, – деп күрсінді.

– Сырдың бойына сөздің киесі қонған. Бесіктен бөлі енді шыққан баласына дейін «көлденең көк аттыға» есесін жібермейтін болған. Ол туралы

«мында кел» деді. Амаз жоқ, бардым. Қолында «Қазақстан» темекісі бар екен. Қарап отырмай, «09 ба?» деп сұрадым. Өйткені ең тәуір темекі сол тұғын, оны жоғары лауазымды басшылар ғана тартатын. Әкем де осы темекіні алып қоятын, содан білемін, – деп ағамыз әңгімесін әрі қарай жалғайды.

– Оны қайтейін деп едің? – Тартатын едім, – деппін. – Мә, тарт онда, – деп бір түйірін берді.

– Шырпы беріңіз, – дедім. Әдепкі келгендегі қорыққаным басылайын деген сияқты, қысылмай сөйлесіп отырмын. Шырпысын берді. Өзі менің бетіме барлай қарап отыр. Содан соң жұмысымын жай-жапсарын сұрады. Абырой болғанда, сұрағының бөріне мүдірмей жауап бердім. Шыңдығында, өз жұмысымды жақсы білетімін. Ол кісі азырақ ойлануы отырды да:

– Тыңда, бала! Біздің базардан қайтатын шағмыз жақын, ал сендер базарға енді кіріп келесіңдер. Келешек осы орында сендер отырарсыңдар. Сондықтан жұмыстарыңа мұқият болыңдар, – деді салмақты дауысымен. Сосын «бара бер» деп ымдады. Күткенім сол емес пе, асыға жөнелдім.

Есіктің тұтқасынан енді ұстай бергенімде: «Ай, шырағым, бұдан былай жауапты секретарь екеу деп айтарсың» деп мырс етіп күлді.

Иә, осы күнге дейін ол кісінің сабырлы да парасатты болмысына таң қаламын. Басқа біреу болса, жер-жебіріме жетіп, жұмыстан қуып жіберер ме еді, кім білсін?! Әсіресе, дәл бүгінгі заманда сөздің парқын білетін адам қалай барады, – деп аяқтады өңгімесін Орынбасар аға.

Бас-аяғы бір-екі сағат түскі үзілістің уақытын пайдаланып барған едік, көп өңгіме тыңдап, көңіл сарайымыз кеңіп, көркем дүниелерді ойымызға түйіп алдық. Орынбасар ағамыздың жұбайы Ләззат жеңгеміз шығармашылық адамы болмаса да, қалам ұстаған жандарға шын ықыласы кісі екен. Көрген-білген естеліктерін бөлісіп отырды. Қазаққа «Жақсыменен өткізген жарты сағат, жаманның өте шыққан өміріндей» деген сөз бар ғой, сол айтылғандай, қарымды қаламгер, облыс әкімінің «Тұран» сыйлығының иегері Орынбасар Әлжіков ағамызбен өңгімелесу барысында шығармашылық адамының қай кезде, қандай жағдайда болсын, руханияттан бір елі ажырамайтынын, тілеулістігін танып-білгендейміз.



Тарихи кемел, шежіресі кенен Арал өңірі қашаннан халқының мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған, барын паш етіп жаһанға жырлаған талантты тұлғалардан кенде болмаған. Өрісі Жетес би, Қарасақал Ерімбет, Нұртуған, Нұрмағанбет ақындар, Қазанғап, Мырза күйшілерді айтсақ, берісі әлемге әйгілі жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісов, қайсар қаламгер Зейнолла Шүкіров, олардың ізін қуған ақын-жазушылар Шәмшібай Сариев, Әмірадин Әленов, Серік Сейітмағанбетов, Сағындық Тұрдалиев, Сайлаубай Жұбатыров, Қуаныш Жиенбаев, Толыбай Абылаев, сазгер-күйші Мұрат Сыдықов деп жалғастырып кете берер едік. Олардың әрқайсының болмыс-бітімі, табиғи таланты, шығармашылық жолы бір-бір әлем. Туған жерден түлеп ұшқан дара таланттарды әркез қастерлеп, бай қазынасын бүгінгі ұрпаққа насихаттап, есімдері мен еңбектерін ел жадынан шығармай жанашырлық таныту – бүгінгі шығармашылық өкілдері, біздің төл міндетіміз және парызымыз.

Оны қалай орындап, қалай жүзеге асырамыз?! Осы мақсатта аудандағы қолына қалам ұстаған ақын-жазушы, сазгер-суретшілер бас қосып, жудырықтай жұмылып, бірігіп жұмыс істейтін бір орталық құруды қолға алдық. Мұны әдебиет пен өнерге бірден-бір жанашыр мекеме – аудандық мәдениет орталығымен бірлесіп ашуды ұйғардық. Біздің бастамамызды орталық басшылығы да қолдап, арнайы бір бөле бөліп, жарық-жылуын да өз мойнына алып, көмек көрсетті.

Шығармашылық өкілдерінің мұндай басқосуы кешегі Кеңес дәуірі кезінде де болған. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Мешітбай Құттықов бас болып ақын-жазушылар кездесу кештерін өткізіп отырған. Бірақ ол тек үйірме ретінде құрылып, қолдаудың не демеушісі болмағандықтан ұзаққа бармай тарап кетті. Сондықтан біз үйірме емес, бірлестік етіп құруды ұйғардық. Ол үшін бірлестіктің нақты атауын белгілеп алуымыз керек болды. Ақылдаса келіп «Арал аудандық 3.Шүкіров атындағы шығармашылық бірлестік» деп атауға келістік. Мұнан соң,

бірлестіктің он бір адамнан тұратын құрылтайшысын белгілеп, бес адамнан басқарма, үш адамнан тексеру комиссиясының құрамын, төрағасы мен хатшысын сайлап, жарғысын дайындап, осының бәрі хаттамамен бекітілді. Әділет басқармасынан тіркеуден өткізіп, заман талабына сай заңды тұлға болды. Құрылтайшылар бен демеушілерден түскен қаржыны жинақтау үшін «Халық Банктің» аудандық филиалынан арнайы шот аштық.

Аралда бір ғана аудандық «Толқын» газеті шығады. Ол саяси-танымдық басылым болғандықтан, біздің шығармашылық өкілдерінің жаңа туындыларын тұрақты жариялап тұруға мүмкіндігі бола бермейді. Енді біздің алдымызда өз туындыларымызды үзбей жариялап тұру үшін газет ашу міндеті тұрды. Ізденіп жүріп мұның да жолын тауып, ауданда екінші басылым «Арал өлемі» деген әдеби-мәдени газетті жарыққа шығардық. Әлем таныған Аралдың перзенттері облыстың барлық ауданында тұрып жатқандықтан, газетті аймақтық басылым дәрежесіне көтеріп, таралу ауқымын кеңейттік.

Шығармашылық бірлестіктің биігі



«Әдебиет өлемі», «Өнер өлемі», «Білім өлемі», «Туған жер өлемі», «Жаналықтар өлемі», тағы басқа да осындай айшықты айдарлармен ашылған «Арал өлемі» газеті жыл өткен сайын өз оқырмандарының сүйікті басылымына айналып келеді.

Бүгіндері газет айына екі рет 2000-ға тауа данамен облыс көлеміне тарайды. Бұл ретте көршілес Қазалы ауданындағы оқырмандарымыздың белсенділігі де атап өтуге болады. Қазір газетте Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Ерғали Абдулла редактор, Нұрсәуле Кенжебаева жауапты хатшы болып басылымды уақытылы шығарып келеді.

Бірлестіктің құрамына тек ақын-жазушыларды ғана емес, сазгер-суретші, айтыс ақын-дары, жыршы-термешілер сияқты шығармашылықпен айналысатын өнер адамдарын да қостық. Жұмысты жүйелі жүргізу үшін оларды төрт секцияға бөлдік. Атап айтсақ,

«Әдебиет» секциясындағы «Поэзия» бөліміне Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Ж.Әбдірашұв атындағы сыйлықтың лауреаты Толыбай Абылаев, «Проза» бөліміне Халықаралық Жазушылар одағының мүшесі Ерғали Абдулла, «Сазгер-күйшілер» секциясына Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі, ақын-жырау, күйші Мұрат Сыдықов, «Суретші және колөнер» секциясына Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Берік Боқашов, «Айтыс ақындары және жыршы-термешілер» секциясына республикалық ақындар айтысының бірнеше дүркін жеңімпазы, белгілі жыршы-термеші Айбек Тәңірбергенов жетекші болып бекітілген. Оларға аудандағы барлық шығармашылық өкілдерімен тығыз байланыста жұмыс істеу міндеттелді.

Шығармашылық бірлестік аудандық мәдениет орталығының жанында болғандықтан

олармен бірлесе жұмыс істеп келеді. Барлық кездесу мен бағдарламалардың өз дәрежесінде өтуіне орталық әдіскерлері мен өнерпаздарының еңбегі ерекше. Ауыз-біршілік пен ұйымшылдықтың арқасында жұмысымыз жақсы нәтиже беруде. Аудандық мәдениет үйі және 3.Шүкіров атындағы қалалық мәдениет үйімен, аудандық орталық кітапхана және аудандық өлкетану музейімен, өнер мектебімен де берік байланыс орнаттық.

Атқарылатын жұмыстар жайлы жыл басында нақты жоспар жасап, сол бойынша іске кірісуді жолға қойдық. Туған күні мен мерейлі жылдарына сәйкес Зейнолла Шүкіров, Мұқағали Мақатаев, Әбдіжәміл Нұрпейісовке арналған кештер жыл сайын тұрақты өткізіледі. Өткен жылы Қазақстан Жазушылар одағының мүшелері, жерлес ақын-жазушылар Қуаныш Жиенбаев пен Толыбай Абылаевтың 70 жылдық,

Ерғали Абдулланың 65 жылдық мерейтойларын өткізуге атсалыстық. Бірлестік мүшелерінің тағы бір табысы өткен жылы Т.Абылаевтың «Алақанында Арал», балаларға арналған «Кішкентай балық туралы ертегі», Е.Абдулланың «Аралдың адамдары» атты еңбектері баспадан жарық көрді.

Бірлестік бойынша жыл үздіктерін айқындап, марапаттап отыруды да дәстүрге айналдырдық. Атап айтсақ, 2022 жылдың қорытындысымен тиісті аталымдар бойынша зергер-шебер Мырзабек Қаныбаев «Жылдың үздік қолөнер шебері», белгілі термеші Зәуре Ізекешова «Жылдың үздік жыршы-термешісі», күйші Сержан Сәрсенбаев «Жылдың үздік күйшісі», еңбек ардагері Мамай Өтемісов «Руханият жанашыры» атанып, дипломмен марапатталды.

Биыл да біраз іс-шараларымыз айқындалып тұр. Оның ішіндегі ауқымдысы шығармашылық бірлестіктің құрылғанына және «Арал өлемі» газетінің жарыққа шыға бастағанына бес жыл толуына арналған есептік концерттік бағдарлама, белгілі ақын Оңтүстік Базаралыевтың 60 жылдық мерейтойы, т.б.

Құрылғанына 5 жыл толған Арал аудандық 3.Шүкіров атындағы шығармашылық бірлестік аты аймаққа тараған «Арал өлемі» атты газеті бар үлкен ұжым аталып, аудандағы шығармашылықпен айналысатын жандардың өнегелі отқасына, құтты шаңырағына айналып келе жатқанына қуаныштымыз.

Жұмабай ЖАҚЫП, Арал аудандық 3.Шүкіров атындағы шығармашылық бірлестігінің төрағасы, ауданның Құрметті азаматы



ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ 2022 ЖЫЛҒЫ 13 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ №153 «2023-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ОБЛЫСТЫҚ БЮДЖЕТ ТУРАЛЫ» ШЕШІМІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШТІ**:
1. Қызылорда облыстық мәслихатының 2022 жылғы 13 желтоқсандағы №153 «2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:
1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«1. 2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2023 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 533 938 596,1 мың теңге, оның ішінде: салықтық түсімдер – 40 954 564,4 мың теңге; салықтық емес түсімдер – 7 427 193,1 мың теңге; негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 10000,0 мың теңге;
трансферттер түсімі – 485 546 838,6 мың теңге;
2) шығындар – 531 024 569,5 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 5 365 327,0 мың теңге;
бюджеттік кредиттер – 16 448 392,0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 11 083 065,0 мың теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 2 587 318,4 мың теңге;
қаржы активтерін сатып алу – 2 587 318,4 мың теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – -5 038 618,8 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 5 038 618,8 мың теңге; аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес 2023 жаңа редакцияда жазылсын.
2. Осы шешім 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы
Н. БАЙҚАДАМОВ

Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы «14» маусымдағы № 32 шешіміне қосымша

Қызылорда облыстық мәслихатының 2022 жылғы «13» желтоқсандағы № 153 шешіміне 1-қосымша

2023 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ОБЛЫСТЫҚ БЮДЖЕТ

Санаты	Сыныбы	Сомасы, мың теңге
	Ішкі сыныбы	
	Атауы	
	1. Кірістер	533 938 596,1
1	Салықтық түсімдер	40 954 564,4
01	Табыс салығы	22 062 970,4
	2 Жеке табыс салығы	22 062 970,4
03	Әлеуметтік салық	16 839 341,0
	1 Әлеуметтік салық	16 839 341,0
05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	2 052 253,0
	3 Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	1 901 383,4
	4 Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	150 869,6
2	Салықтық емес түсімдер	7 427 193,1
01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	1 456 877,1
	1 Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	71 198,1
	5 Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	100 000,0
	7 Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	1 285 679,0
03	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуы өткізуден түсетін ақша түсімдері	2 600,0
	1 Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуы өткізуден түсетін ақша түсімдері	2 600,0
04	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімдіктер, санкциялар, өндіріп алулар	2 651 532,8
	1 Мұнай секторы ұйымдарынан, Жәбірленушілерге өтемақы қорынан және Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімдіктер, санкциялар, өндіріп алулар	2 651 532,8
06	Басқа да салықтық емес түсімдер	3 316 183,2
	1 Басқа да салықтық емес түсімдер	3 316 183,2
3	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	10 000,0
01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	10 000,0
	1 Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	10 000,0
4	Трансферттердің түсімдері	485 546 838,6
01	Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	561 943,6
	2 Аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер	561 943,6
02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	484 984 895,0
	1 Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	484 984 895,0
Функционалды топ		
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	Бағдарлама	
	Атауы	
	2. Шығындар	531 024 569,5
01	Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	7 487 320,9
110	Облыс мәслихатының аппараты	171 383,0
	001 Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	169 613,0
	003 Мемлекеттік органның күрделі шығындары	1 770,0
120	Облыс әкімінің аппараты	3 897 291,6
	001 Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	2 998 267,6
	007 Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	694 547,0
	009 Өкімдерді сайлауды қамтамасыз ету және өткізу	204 477,0
265	Облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы	370 477,0
	001 Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	370 477,0
269	Облыстың дін істері басқармасы	323 780,0
	001 Жергілікті деңгейде дін істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	52 846,0
	003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 870,0
